


А  
Т 91

Балкани



**Тышканның  
басынан  
кешкендері**

0-10.

# Тышқанның ақылы



**Б**ір заманда тышқандар жиналып, мысықтан қалай құтылудың амалын ойластырады. Ұзақ әңгімеден кейін бір тышқан:

— Мысықтың мойнына қоңырау тағып

қою керек. Сонда оның келе жатқаны алыстан естіледі. Ал, біз інге тығылып үлгереміз, – деп ұсыныс жасайды.

Барлығы:

– Табылған ақыл екен! – деседі.

Сонда манадан бері үнсіз отырған кәрі атжалман:

– Жарайды, мысықтың мойнына қоңырау тағу керек делік. Ал, сонда қоңырауды кім барып тағады? – деген екен.



СЕВЕРНО-КАМЧАТКА  
ОБЛАСТЫ  
ДЕТСКО-ЮНОШЕСКАЯ  
БИБЛИОТЕКА  
ИМ. Г. МУСХЕБОВА

# Тышқан, ит және мысық

**Е**ртеде ит, мысық және тышқан үшеуі дос болыпты. Сонда да ит пен мысық тышқанды онша жақтырмайды екен. Тышқан күні-түні тынбайтын еңбекқор болыпты. Ал, ит пен мысық тапқанын жеп, жұмсақ шөп, жылы жерде жатып алатын көрінеді.

Бір күні ит қасындағы мысыққа:

– Осы тышқанның жұмысы таусылмайды екен. Күндіз-түні күйбеңдейді де жүреді, – деп қынжылады.

Сонда мысық:

– Өзіміз шолжиып жатып біреуді күндейміз. Осынымыз дұрыс па? – деп, итке жөнін айтады.

Ит бұл сөзге ұялып қалады да, өзі де шаруа істемек болады. Осы оқиғадан кейін ол тышқанға көмектесіп жүреді.

Бір күні:

– Сен де қол ұшыңды бер, – дейді енді ит мысыққа.

Оған мысық көнбейді.


– Өздерің-ақ істей салыңдар! – деп, сол жатқан күйі жата береді.

Ит пен тышқан оған:

– Жалқаулықты қой, бізбен бірге жұмыс істе! – дейді.

– Әй, мен сендердің жұмыстарыңды күндеп жатқан жоқпын ғой. Неге тиісесіңдер! – деп, мысық ашуланады.

Мысық жатқан орнында жата береді. Ит пен тышқан өз тірліктерін істеп жүре береді. Тек мысыққа тамақ қалдырмай, өздері жейтін болады. Аш мысық енді ит пен тышқанның





тапқанын ұрлай бастайды. Мұны көріп қойған тышқан мысықтың ұрлығын итке айтады. Ит ұрлықшы мысықты ондырмай талайды.

Содан бері ит пен мысық бір-біріне өш екен. Бірін-бірі көрсе, талап тастауға дайын тұрады. Ал, тышқанға ыза болған мысық оны ұстап алуға тырысады. Сондықтан тышқан мысықтың иісін сезсе болды, қашып кететін көрінеді.

# Тышқан мен жылан

**Б**ір тышқан тамақ аулап інінен ұзап кетеді. Біраз уақыттан соң ініне қайтып келсе, онда бір жылан жатыр екен. Тышқан жаман қорқады. Қуып жіберуге батпайды. Өзінің қайғы-мұңын айтқалы көршілеріне барады. Ақылды тышқандар жиналады. Кеңес құра отырып олар:

– Сен ол інінді тастап, өзге ін қазып ал. Әрине, жыланның сенің інінді тартып алғаны әділдік емес. Оған еш айла жоқ. Не қыласың? Оған тиіп мазасын ала берсең, сені жеп қояр. Енді оған ештеңе істей алмайсың, – дейді.

Тышқан бейшара қайғыра-қайғыра қойыпты. Бірақ, қалайда кегін алуды ойлайды.

Бір күні сейілдеп келе жатып, іннің аузында жыланның күншуақтап жатқанын көреді. Жанында бір кісі ұйықтап жатыр екен. Тышқан барып оның мұрнын тістеп

алады да, жыланға қарай тұра қашады. Кісі оянып, тұра қуады. Алдында жатқан жыланды көріп тоқтайды. Тышқанды қоя береді. Ал жыланды өзімен бірге алып кетеді. Тышқан қайта келіп, өз інінде тұрады.

Міне, еш уақытта нашарға зорлық қылмау керек. Өмір тәжірибесі осы.





# Торғай мен тышқан

**Т**орғай мен тышқан дос болыпты. Екеуі егін егіпті. Тышқан жерді аяғымен қазып, торғай тұмсығымен шоқып, дән сеуіпті.

Егін өте жақсы шығады. Торғай мен тышқан бітік өскен бидайды жинап алып, тең бөлісе бастайды. Бір бидай артылып қалады. Соны қайсысы аларын білмей, ақыры жанжал басталады. Торғай тұмсығымен шоқып, тышқан тырнағымен тырналап, бір-бірімен ұзақ төбелеседі.

Маңайда арашалайтын ешкім болмаған соң, екеуі бір кезде шаршап барып тоқтайды. Ақыры әрқайсысы өздерінің билеріне барып жүгінбек болады. Алдымен тышқандар биіне келеді.

Тышқандар биі:

Бұл бидайды тышқан алуы керек.

Өйткені, тышқан көп еңбек етті. Ол тырна-  
ғымен жер жыртып, ұртымен бидай септі,  
– дейді.

Бұл шешімге торғай келіспейді. Енді тыш-  
қан екеуі торғайлар биіне келеді.



Торғайлар биі:

– Бұл бидай торғайдікі. Себебі, торғай егінге түскен барлық құрттарды құртқан. Күн сайын үстінде ұшып жүріп, егінді күзеткен, – депті.

Бұған тышқан келісе алмайды. Енді торғай мен тышқан далада қой бағып жүрген бір шалға келеді. Шал дәнді алып, екеуіне тең бөліп береді.

Бұған торғай да, тышқан да разы болып, өз жөндеріне кетеді.



25



# Тышқанның басынан кешкендері

Суретшісі

В. Пономарева

Бас редакторы

Қ. Байғабылова

Редакторы

Ғ. Момынәлиева

Креативті дизайн мен компьютерлік қалыптауы

«Баур» баспасы

Ә Жәңгіров, Е. Мельникова, С. Қарпықов



ISBN 9965-626-49-9

**Балақай** - первая серия книг на казахском языке для детей, куда вошли казахские народные сказки, считалки, стихи.

По вопросам оптовой продажи обращаться в торговый отдел издательства «АРУНА». Тел./факс: (3272) 728 411, 728 421

**Балақай** - балаларға арналған қазақ тіліндегі алғашқы топтама. Топтамаға тақпақтар, санамақтар, халық ертегілері жинақталған.

Көтерме бағамен сатып алу үшін «АРУНА» баспасының сауда бөліміне хабарласу қажет. Тел./факс: (3272) 728 421, 728 411

© «АРУНА» баспасы  
480091, Алматы қаласы,  
Чайковский к-сі, 190/184,  
23-офис.  
E-mail: aruna\_ltd@mail.ru  
Таралымы 10 000.

«IntellService»  
баспаханасында басылды.